

Балық пен суда жүзетін құстарды өсіруді интеграциялау

Балық пен суда жүзетін құстарды – үйректер мен қаздарды – өсіруді ықпалдастыру қызығушылық тудыратыны сөзсіз, бұл тәсіл сізге бір мезетте балық пен құсқа қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мұндай интеграцияның мақсаттылығы мен пайдалылығы келесі түйіндемелермен анықталады. Суда жүзетін құстың тұқымен тағамға бәсекеге түспейтіні айқын. Сонымен қатар, бақалар мен олардың жұмыртқаларын, сондай-ақ сулы жәндіктермен қоректенулері балық үшін тиімділігі жоғары, жауларының көзі жойылады.

Су астындағы және үстіндегі жұмсақ өсімдіктерді жеу арқылы, сондай-ақ қатты өсімдіктер түрімен қоректенген суда жүзетін құс балық тоғандарының жақсы мелиораторы болып табылады.

Суда жүзетін құстардың нәжістері су объектілері үшін құнды тыңайтқыш болып табылады, бұл олардың балық өнімділігінің артуына әкеледі және органикалық минералды тыңайтқыштарды қолданудан бас тартуға мүмкіндік береді.

Суда жүзу үйректер мен қаздардың өсуіне және олардың репродуктивті қабілеттеріне жағымды әсерін тигізеді, жем тұтынуы да айтарлықтай төмендейді.

Аталған артықшылықтарды тек біріктірілген шаруаның дұрыс жолға қоюлуымен ғана алуға болады. Белгілі бір талаптарды сақтау қажет, олардың бұзылуы балықтың өмір сүру жағдайының нашарлауына және балық өнімділігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Үйректерді серуендету шеңбері үлкен балық өсірілетін тоғандарда ғана ұсынылуы тиіс. Су өсімдіктерімен қалып өскен тоғандар тиімдірек.

Үйректерді отырғызу тығыздығы су қоймасындағы өсімдіктердің қалыңдығына, оның тереңдігі мен су алмасуына, сондай-ақ гидрохимиялық режимге байланысты. Ұсынылатын қону межесі су объектісіне - 20 -25 дана/1000 м².

Мономәдениетте тұқы өсіру кезінде органикалық заттардың жиналу және су қоймасының ластану мүмкіндігіне байланысты үйректерді тамақтандыруына шектеу қойылады. Сондықтан дөңмаңдай мен тұқы өсіру ұсынылады, бұл балдырлардың жаппай өсу және олардың өлу мүмкіндігін болдырмайды, су қоймасының жақсы санитарлық жағдайына ықпал етеді.

Кішкентай су қоймаларында үйректерді өсірудің жағалаудағы әдісі оңтайлы болып табылады. Бұл тәсілмен үйректер жағалауда шатыр астында ұсталады, ал тоған оларға серуендеуге қызмет етеді.

Тұқы мен шөпті балықтарды отырғызу тығыздығы әдетте 450-550 дана / 1000 м² құрайды.

Балықты үйректермен бірге өсіру кезінде отырғызу тығыздығы

Балық түрлері	Орташа масса, г	Қондыру тығыздығы, дана/1000 м ²
Тұқы	25	250—290
Ақ дөңмаңдай	30	150—180

Ала дөңмаңдай	30	50—80
---------------	----	-------

Тоғандарда ақ амурды өсіру тиімсіз, өйткені ол үйректерге арналған су өсімдіктерін пайдалануда бәсекелес болып табылады.

Үйректерде құйыршық безі қалыптаса бастағанда, ол 3 апта ішінде байқалады, олар тоғанға жіберіліп, онда 40-45 күн ұсталады. Бұл шамамен осы жаста немесе сәл кейінірек үйректерде түлеу басталады, оның барысында өсу күрт төмендейді, қаңқалардың сапасы нашарлайды, жем шығыны артады. Үйректердің алғашқы тобы түнде ауа температурасы 150 С-қа дейін төмендеген кезде су қоймасына балық жіберілгеннен кейін 10-15 күн өткен соң отырғызылады. Елдің орталық және солтүстік-батыс аймақтарында 2 топтан, оңтүстік аймақтарда 3-4 топтамадан өсіруге болады.

Балық тоғандарын үйректердің аналық басын өсіру үшін де қолдануға болады. Тоғандарда өсірілген үйректер жақсы сыртқы көрсеткіштерге, жоғары репродуктивті қасиеттерге және ауруларға төзімділікке ие. Үйректердің аналығы жаз бойы, тоғандық жағдайда өсірілуде, тіпті тоғанды жабу мерзіміне дейін. Өсірілімге пекин үйректері, Х-11 кросстары және басқа тұқымдар қолданылады.

Балықпен бірге үйректерді ықпалдастырып қондыру және өсіру стандарттары
(балық өсіру аймақтары бойынша)

Кросс пен тұқымы	I	II	III	IV	V	VI
	Қондыру тығыздығы, дана/га	Топтар саны	Қондыру тығыздығы, дана/га	Топтар саны	Қондыру тығыздығы, дана/га	Топтар саны
Пекин	250	2	250	2-3	200	3-4
Кросс Х-11	200	2	200	2-3	150	3-4

Балық тоғандарында үйректерден басқа, қаздарды да ұстауға болады. Тоған негізінен қаздарды тамақтандыру, суару және жұптау үшін қызмет етеді. Су үстінде қаздар жақсы ұрықтандырылады. Қаздың зәрі жақсы тыңайтқыш болып табылады және су қоймасының табиғи балық өнімділігінің артуына ықпал етеді.

Қаздарды өсіру кезінде концентрацияланған азықтың немесе астықтың пайдалану мөлшері басқа құстарға қарағанда аз екеін есте ұстаған жөн. Кезкелген ауа-райында бұл құстар көшеде болуға дайын және оларға тек жеңіл бөлме қажет. Қаздар басқа құстарға қарағанда тез өседі және 15-20 жыл өмір сүреді. Олар ет үшін ғана емес, сонымен қатар үлкен сұранысқа ие қауырсын мен мамық үшін де өсіріледі. Қаздардың мамық жүні әр 7-8 апта сайын жұлынады.